МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МҰНАЙЛЫ

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

№32 (1171)
18 тамыз 2026 жыл

ГАЗЕТ 2007 ЖЫЛДЫҢ 14 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

■ ҚОЛДАУ

АУЫЛ АМАНАТЫ – АУЫЛҒА ЖАҢА СЕРПІН, ТҰРҒЫНҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

АУЫЛДА КӘСІП БАСТАУ ҮШІН КЕЙДЕ ҮЛКЕН МҮМКІНДІК ЕМЕС, ДЕР КЕЗІНДЕ БЕРІЛГЕН ШАҒЫН ҒАНА ҚОЛДАУ ЖЕТКІЛІКТІ. БІРЕУГЕ ОЛ – МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТУГЕ, ЕНДІ БІРІНЕ – ТЕХНИКА АЛУҒА, ҮШІНШІСІНЕ – ШАҒЫН ӨНДІРІС АШЫП, ТҰРАҚТЫ ТАБЫС ТАБУҒА ЖОЛ АШАДЫ.

Бүгінде осындай мүмкіндік ұсынып отырған мемлекеттік бағдарламалардың бірі – «Ауыл аманаты». Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдық елді мекендердегі халықтың табысын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау және ауыл шаруашылығы мен ауылдағы өзге де кәсіп түрлерін дамыту. Жеңілдетілген несие арқылы азаматтарға өз кәсібін бастауға немесе қолданыстағы кәсібін кеңейтуге жағдай жасалады.

Бағдарлама ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға да тікелей ықпал етеді. Төмен пайыздық мөлшерлемемен қаржыландырылған жоба арқылы мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді, қызмет көрсету саласын және басқа да кәсіп түрлерін дамытуға мүмкіндік бар. Соның нәтижесінде азаматтың тұрақты табыс көзі қалыптасып қана қоймай, өзін-өзі жұмыспен қамтуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға жол ашылады. Яғни бағдарлама ауыл тұрғынына дайын жұмыс іздеуден гөрі, өз кәсібін құрып, сол кәсіп арқылы өзгелерді де жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасына жұмыссыз азаматтар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жеке кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары және ауыл шаруашылығы кооперативтері қатыса алады. Бағдарламаға қатысудың нақты талаптары өтінім қабылданатын кезеңдегі қолданыстағы қағидаларға сәйкес айқындалады. Қазіргі талаптардың бірі – жобаны ауылдық елді мекенде немесе шағын қалада іске асыру. Жеке тұлғалар үшін жоба жүзеге асырылатын ауылдық елді мекенде немесе шағын қалада өтініш берген күнге дейін кемінде 12 ай тұрақты тіркеудің болуы қажет. Сонымен қатар өтініш берушінің қаржыландырылатын жоба бойынша бизнес-жоспары, қажетті кепілдік қамтамасыз етуі, кредиттік міндеттемелерді орындау мүмкіндігі және оң кредиттік тарихы болуы талап етіледі. Бұл талаптар Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы №53 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Бағдарламаның ауыл тұрғындары үшін ең тартымды тұстарының бірі – несие сыйақысының төмен болуы. Қолданыстағы шарттарға сәйкес, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5 пайыздан аспайды. Ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік жобалар бойынша несие 5 жылға дейін, ал ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жобалары бойынша 7 жылға дейін беріледі. Сонымен бірге негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдік кезеңі қарастырылуы мүмкін. Мұндай талаптар кәсіпкерге алғашқы кезеңде кәсібін қалыптастырып, табысын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру көлемі де жобаның бағытына қарай әртүрлі. Қолданыстағы шарттарға сәйкес, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарына 2 500 АЕК-ке дейін, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және кооперативтерді дамыту бағытындағы жобаларға 8 000 АЕК-ке дейін шағын несие беру көзделген. 2026 жылы 1 АЕК 4 325 теңгені құрайды. Осыған сәйкес, 2 500 АЕК – 10 млн. 812 мың 500 теңгеге дейін, ал 8 000 АЕК – 34 млн. 600 мың теңгеге дейінгі қаржы деген сөз.

Бұл қаражатты мал шаруашылығын дамытуға, өсімдік шаруашылығына, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, қажетті техника мен жабдықтарды алуға, кооперативтерді дамытуға және ауылдық жерлердегі өзге де кәсіпкерлік жобаларды іске асыруға бағыттауға болады. Яғни бағдарлама ауыл шаруашылығымен ғана шектелмейді. Ауыл жағдайына бейімделген түрлі кәсіп түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.

Мұнайлы ауданында да бағдарламаның игілігін көруге болады. 2025 жылдың басынан қазіргі уақытқа дейін аудан тұрғындарынан «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 43 өтінім берілген. Олардың жалпы сомасы 720 млн. 754 мың 240 теңгені құрады. Оның ішінде 25 өтінім мақұлданып, жалпы сомасы 414 млн. 754 мың 240 теңгені құрады. Бұл көрсеткіштер бағдарламаның аудан тұрғындары арасында сұранысқа ие екенін аңғартады.

Ауданда қолға алынған кәсіптердің басым бөлігі мал және құс шаруашылығына бағытталған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, қызмет көрсету және басқа да кәсіпкерлік бағыттар да бар. Жалпы көрсеткіш бойынша 25 жоба мал және құс шаруашылығына, 5 жоба қайта өңдеу бағытына, 13 жоба өзге де қызмет түрлеріне бағытталған. Қаржыландырылған жобалардың сәтті жүзеге асуы нәтижесінде 30-ға жуық аудан тұрғыны жұмыспен қамтылды.

Бағдарлама арқылы қолдау алған азаматтардың нақты нәтижелері де көңіл қуантады. Бірқатар кәсіпкерлер мал басын көбейтіп, енді бірі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді қолға алып, тағы бір бөлігі түрлі қызмет көрсету бағытындағы кәсібін бастады немесе кеңейтті. Аудандағы ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің қатарында «Elebat», «Актау ет согым», «KNM-Tore», «Turar-Batyr», «Аян-Асылтас» секілді кәсіпорындар бар. Олардың бордақылау алаңдары аудан және қала тұрғындарын табиғи әрі сапалы ет және сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді.

Кәсіп иелерінің тәжірибесіне сүйенсек, бағдарлама арқылы алынған қаржы олардың ісін бастауға немесе кеңейтуге айтарлықтай көмек берген. Төмен пайыздық мөлшерлеме мен төлем мерзіміндегі жеңілдіктер кәсіпкерге алғашқы қадамдарын нық басуға мүмкіндік береді. Бүгінде кейбір кәсіптер тұрақты жұмыс істеп, өнім өндіру немесе қызмет көрсету көлемін арттыруда. Жекелеген кәсіпкерлер екі адамды тұрақты немесе маусымдық жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, қосымша техника мен жабдық алып, жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланып отыр.

Әрине, кез келген қаржылық қолдаудың өз талаптары бар. Несие алу кезінде кепілмен қамтамасыз ету талап етіледі. Кепілге ұсынылатын мүлік заңды түрде рәсімделіп, бағалануы қажет. Оның жеткіліктілігі мен жарамдылығы несие беру рәсімі барысында оператор және тиісті комиссия тарапынан қаралады. Кәсіпкерлердің айтуынша, құжаттарды жинақтауға кететін уақыт пен кепіл ретінде ұсынылатын жылжымайтын мүлік құжаттарын заңдастыру мәселелері несие алу барысында кездесетін негізгі қиындықтардың бірі.

Несие алу үшін негізгі құжаттарға өтініш, жеке басын куәландыратын құжат, қажет болған жағдайда бизнес-жоспар және кепілге ұсынылатын мүлікке қатысты құжаттар жатады. Жобаның бағытына қарай қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін. Сондықтан құжаттардың нақты тізімін өтінім қабылдау кезінде бағдарлама операторынан алдын ала нақтылап алған дұрыс.

Кәсіпкерлік тәжірибесі жоқ азаматтар үшін де бағдарламаға жол жабық емес. Жоба әзірлеу кезінде бизнес бағытын таңдауға, бағдарлама талаптарын түсінуге, қажетті құжаттарды жинақтауға және бизнес-жоспарды қалыптастыруға кеңес беріледі. Мұнда ең маңыздысы – нақты бизнес идеяның болуы, оны іске асыру мүмкіндігін дұрыс бағалау және алынған қаражатты мақсатты пайдалану жоспарын алдын ала айқындау.

«Ауыл аманаты» ауыл жастарына да жаңа мүмкіндік ұсынып отыр. Туған ауылында кәсіп бастауға ниетті жас азаматтар мал шаруашылығы, жылыжай, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, қызмет көрсету, туризм және ауылдық жерге бейімделген басқа да кәсіп түрлерін қолға ала алады. Бұл – ауыл жастарының өз өңірінде қалып, еңбек етуіне, табысын арттыруына және жаңа жұмыс орындарын құруына мүмкіндік беретін маңызды қолдау.

Бағдарламаға қатысқысы келетін ауыл тұрғындарына ең алдымен кәсібінің нақты бағытын анықтап, нарықты зерттеп, барлық шығын мен табысты есепке алған бизнес-жоспар әзірлеу ұсынылады. Сонымен қатар бағдарламаның талаптарын алдын ала толық зерделеп, қажетті құжаттарды ретке келтірген жөн. Кәсіптің болашағын дұрыс бағалау – алынған қаржыны тиімді пайдаланып, жобаны тұрақты табыс көзіне айналдырудың басты шарттарының бірі.

Бағдарлама туралы ақпаратты аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінен, ауылдар мен ауылдық округтер әкімдіктерінен және бағдарламаның өңірлік операторынан алуға болады. Маңғыстау облысы бойынша тұрғындар өздерін қызықтырған мәселелер бойынша «Каспий» ӘКК» АҚ-на хабарласа алады.

Бүгінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға ғана емес, тұтас ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды жоба болып отыр. Мұнайлы ауданындағы ондаған өтінім мен қаржыландырылған жобалар осының айқын дәлелі. Бір кәсіптің артында бір отбасының тұрақты табысы тұрса, екінші бір кәсіптің артында бірнеше адамның жұмысы, ал ауылдағы ондаған кәсіптің артында елді мекеннің экономикалық белсенділігі тұр.

Сондықтан «Ауыл аманаты» – тек жеңілдетілген несие емес, ауыл тұрғынының өз еңбегін нақты кәсіпке айналдырып, табысын арттыруына, жаңа жұмыс орындарын ашуына және туған жерінің дамуына үлес қосуына берілген мүмкіндік. Ең бастысы – сол мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, нақты жоспарды нақты іске айналдыру.

■ МӘДЕНИЕТ

ӨНЕР – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫН ДӘРІПТЕП, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ. ӘСІРЕСЕ БИ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ТАНЫТЫП, САЛТ-ДӘСТҮР МЕН МӘДЕНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУ – ЖАС ӨНЕРПАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСІНЕ ЖОЛ АШАДЫ. АУДАН ӨНЕРПАЗДАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «MEGA DANCE» ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ БАЙҚАУЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТІП, БІРНЕШЕ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ.

MEGA DANCE БАЙҚАУЫ

Осындай өнер додаларының бірінде Мұнайлы ауданының бишілері өз шеберлігін жоғары деңгейде көрсетіп, халықаралық сахнада үздіктер қатарынан көрінді. Халықаралық «MEGA DANCE» хореографиялық байқауында аудан атынан қатысқан өнерпаздар көрермен мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Байқауда үлгілі «Шалқыма» би ансамблі «Дала сазы» биін жоғары деңгейде орындап, I орынға ие болды. Ұжымның сахнадағы үйлесімді қимылы, орындау шеберлігі мен ұлттық нақыштағы би композициясы көпшіліктің көңілінен шықты.

Жеке орындаушылар арасында да Мұнайлының жас өнерпаздары биіктен көрінді. Аяулым Орынбек «Әжемнің сандығы» биімен, ал Аделя Бердіғожа «Ерке қыз» биімен өнер көрсетіп, өз номинацияларында I орынды жеңіп алды.

Бұл – жас өнерпаздардың тынымсыз еңбегі мен шығармашылық ізденісінің жемісі. Әрбір сахналық қойылымның артында ұзақ дайындық, талмай еңбек ету және өнерге деген сүйіспеншілік жатқаны анық.

Байқауда «Шалқыма» би ансамблі мен оның жетекшісі Нұрсұлу Дінмұханбетқызы да арнайы марапатқа ие болды. Олар халық мәдениетінің дәстүрін сақтап, ұлттық өнерді насихаттауға қосқан үлесі үшін арнайы жүлдемен марапатталды.

Жетекшінің еңбегі мен шәкірттерінің жетістігі – бір-бірімен сабақтас ұғым. Ұлттық бидің ерекшелігін жас буынға үйретіп, олардың сахна мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесінде «Шалқыма» би ансамблі осындай биіктерді бағындырып келеді.

Мұнайлы өнерпаздарының халықаралық байқаудағы жетістігі – ауданның мәдени өміріндегі елеулі оқиға. Бұл жеңіс жас таланттарға жаңа мақсат қойып, шығармашылық ізденістерін одан әрі жалғастыруға серпін беретіні сөзсіз. Өнер додасында аудан абыройын асқақтатқан бишілер мен жетекшісін жеңістерімен құттықтаймыз! Өнер жолындағы қадамдары нық болып, алдағы уақытта да биік белестерден көріне берсін!

Материалдарды дайындаған Ту-Бегі АБЫЛАЙ.

■ ЗЕРЕК

2022 ЖЫЛЫ ІРГЕСІ ҚАЛАНҒАН, ОҚЫТУ ТІЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ «ЗЕРЕК» МЕКТЕБІ БҮГІНДЕ 885 ОҚУШЫҒА САПАЛЫ БІЛІМ МЕН САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРІП, ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БІЛІМ ОРДАСЫНА АЙНАЛДЫ. ҚЫСҚА ҒАНА УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСЫП, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМНЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНА ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖАСАҚТАЛДЫ. БҮГІНДЕ БҰЛ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАТАР АЛЫП, ӘР ОҚУШЫҒА ҚОЛАЙЛЫ, ҚАУІПСІЗ ӘРІ ЗАМАНАУИ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

БІЛІМ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТОҒЫСҚАН ЗАМАНАУИ МЕКТЕП

Мектеп ұжымының негізгі тірегі – кәсіби білімі мен тәжірибесін ұдайы жетілдіріп отыратын ұстаздар қауымы. Педагогтердің кәсіби шеберлік санаттарына назар аударсақ, мектепте 2 педагог-шебер, 10 педагог-зерттеуші, 4 педагог-сарапшы және 10 педагог-модератор еңбек етеді. Бұл – ұстаздардың кәсіби ізденіске, тәжірибені жетілдіруге және білім сапасын арттыруға бағытталған еңбегінің айғағы. Мектептегі педагогтердің білім деңгейі де жоғары. 42 мұғалімнің жоғары білімі бар, бұл жалпы педагогтер құрамының 82,3 пайызын құрайды, ал 9 мұғалімнің арнаулы орта білімі бар, олардың үлесі 17,3 пайызды құрайды. Ұжым құрамында түрлі буын өкілдерінің еңбек етуі де мектеп өміріне өзіндік серпін беріп отыр. Атап айтқанда, 35 жасқа дейінгі 26 мұғалім, 36–50 жас аралығындағы 9 мұғалім, 51–63 жас аралығындағы 7 мұғалім және зейнет жасындағы 9 мұғалім бар. Жас мамандардың жаңашылдығы мен аға буынның мол тәжірибесі сабақтастықты қалыптастырып, мектептің кәсіби ортасын байыта түсті.

Білім сапасы тек сабақ үстіндегі нәтижемен өлшенбейді. Ол оқушының күнделікті тәртібі, жауапкершілігі, ізденісі мен қоғамдық ортадағы белсенділігі арқылы да қалыптасады. Осыны ескерген мектеп ұжымы тәрбие жұмыстарына ерекше мән береді. Әр аптаның жұма күні мектепте жалпы мектептік саптық жиын, яғни линейка тұрақты түрде өткізіледі. Апта сайынғы бұл жиын білім алушылар үшін тәртіп пен жауапкершілікті саралайтын, жетістікті бағалап, алдағы міндеттерді айқындайтын маңызды ортаға айналған.

Линейка барысында оқушылардың тәртібі мен үлгерімі талданып, апталық қорытындылар шығарылып, алдағы жоспарлар талқыланады. Оқу мен қоғамдық өмірде белсенділік танытып, жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар марапатталады. Мұндай дәстүр балалардың еңбегін бағалауға, өз жетістігіне жауапкершілікпен қарауға және өзгелерге үлгі болуға ынталандырады. Сонымен қатар тоқсан сайын білім сапасы мен оқу үлгерімі, тәртібі жоғары сыныптар арасынан «Үздік сынып» анықталып, ауыспалы кубокпен марапатталады. Бұл бастама оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттырып қана қоймай, сыныптар арасында жағымды бәсекелестік қалыптастырып, жауапкершілік пен ұйымшылдықты күшейтуге бағытталған. Аталған жұмыстар мектептің тәрбие жоспарына енгізіліп, тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.

Баланың қабілетін ашу, оның қызығушылығын қолдау да мектеп жұмысының маңызды бағыты. Осы мақсатта білім ордасында шахмат, теннис, би және театр үйірмелері жұмыс істейді. Шахмат үйірмесі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіріп, сабырлылық пен стратегиялық шешім қабылдауға үйретсе, теннис шапшаңдық пен ептілікті қалыптастырады. Би үйірмесі балалардың эстетикалық талғамын, сахналық мәдениетін дамытса, театр үйірмесі шығармашылық қабілетін ашып, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Осындай үйірмелер арқылы мектеп оқушының тек білімін ғана емес, оның өнерге, спортқа, шығармашылыққа деген қызығушылығын да қолдап келеді.

Қазіргі білім беру жүйесін заманауи технологияларсыз елестету қиын. Мектептің информатика кабинеті заманауи компьютерлермен, интерактивті құралдармен жабдықталған, интернет желісіне қосылған және техникалық қауіпсіздік талаптарына сай ұйымдастырылған. Сонымен қатар мектепте 4 дана көшпелі, жылжымалы интерактивті тақта бар. Бұл құралдар оқу үдерісіне заманауи технологияларды тиімді енгізуге, сабақты көрнекі әрі мазмұнды өткізуге және оқушылардың білім алу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Химия және математика кабинеттері де оқу бағдарламасына сәйкес зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған. Мұндай кабинеттер оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, зерттеушілік және практикалық дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Мектептің білім кеңістігін толықтырып тұрған маңызды орынның бірі – кітапхана сыныбы. Ол арнайы заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Кітапхана қорында оқу бағдарламасына сай іріктеліп, көркем әдебиет, ғылыми-танымдық және әдістемелік кітап бар. Бүгінде кітап қорында 2582 кітап бар. Оқушыларға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында оқу үстелдері, компьютерлер және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуге арналған құралдар орнатылған. 12 орындық оқу залы білім алушылардың кітаппен жұмыс істеуіне, өздігінен ізденуіне мүмкіндік береді. Кітапхана сыныбы – оқушының оқу сауаттылығын арттырып, ақпаратты өздігінен іздеп, саралап, шығармашылықпен пайдалануына жол ашатын білім мен ізденіс мекені.

Мектепте оқушылардың денсаулығы мен дене белсенділігіне де айрықша көңіл бөлінеді. Білім ордасының жер учаскесінің жалпы ауданы – 1,0 гектар. Мұнда көлемі 153,6 шаршыметр спорт залы, 532 шаршыметр футбол алаңы және 540 метрлік жүгіру жолы бар. Спорттық нысандардың болуы оқушылардың дене шынықтырумен жүйелі айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына және спортқа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Мектептегі 240 шаршыметрлік акт залы мәденикөпшілік, тәрбиелік және қоғамдық іс-шараларды өткізуге арналған. Жалпы мектепте 32 кабинет бар. Мектеп ғимараты автономдық жылыту жүйесімен қамтамасыз етілген. Жылыту жүйесі 2 дана Buran Boiler маркалы жылыту қазандықтарымен жабдықталған және белгіленген техникалық әрі қауіпсіздік талаптарына сай жұмыс істейді.

Бала денсаулығын сақтау тек спортпен шектелмейтіні белгілі. Осы ретте мектептің медициналық кабинеті де санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған. Кабинет алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, білім алушыларға медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылған. Оқушының өзін қауіпсіз сезінуі, қажет жағдайда алғашқы медициналық көмек алуы – білім беру ортасының маңызды құрамдас бөлігі.

Оқушылардың дұрыс тамақтануы да мектеп өміріндегі маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасының жалпы аумағы 232,5 шаршыметрді құрайды, бір мезгілдегі сыйымдылығы 280 орынға арналған. Бүгінде мектеп асханасы 657 білім алушыны ыстық тағаммен қамтамасыз етеді. Оның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен 28 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Балалардың денсаулығына тікелей әсер ететін тағам сапасына мектеп ұжымы жауапкершілікпен қарайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің талаптарына сәйкес мектепішілік бракераждық комиссия асханада жоспарлы мониторинг жұмыстарын жүргізеді. Тексеру барысында дайындалатын тағамдардың сапасы, жарамдылық мерзімі, білім алушыларға ұсынылатын нақты тамақтану рационының күнделікті ас мәзіріне сәйкестігі, сондай-ақ асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайының нормативтік талаптарға сай болуы жан-жақты бақыланады. Бұл жұмыстар оқушыларға қауіпсіз әрі сапалы тамақ ұсынуға бағытталған.

Мектеп үшін ең басты құндылықтардың бірі – қауіпсіздік. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте лицензияланған күзет қызметі ұйымдастырылған. Күзет қызметін «BM Group Security» мекемесі көрсетеді. Қызмет көрсету №2-2025 келісімшарт негізінде жүзеге асырылады және келісімшарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 30 қаңтардан 2028 жылғы 30 қаңтарға дейін белгіленген. Күзет қызметінде 3 қызметкер жұмыс атқарады. Мектеп аумағына кіреберісте бақылау-өткізу пункті – КПП орналасқан. КПП ғимаратының ішінде келушілерге арналған күту залы қарастырылған. Осы пункт арқылы мектеп аумағына кіріп-шығу қатаң бақылауға алынып, келушілерді тіркеу және қауіпсіздік талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі. Күту залы келушілердің жайлы әрі қауіпсіз жағдайда уақытша орналасуына мүмкіндік береді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тағы бір маңызды тетігі – бейнебақылау жүйесі. Мектеп ғимараты ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесімен толықтай жабдықталған. Жалпы бейнекамералар саны – 60 дана. Оның 52-сі ішкі, 8-і сыртқы бейнебақылау камералары. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсететін мекеме – «Мирас-Маңғыстау» ЖШС. Қызмет көрсету № И33/25, 2025 жылғы 1 маусымдағы келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Орнатылған бейнебақылау жүйесі Жедел басқару орталығына – ЦОУ-ға қосылған және тәулік бойы бақылау жүргізіледі. Бұл мектеп аумағындағы қауіпсіздік жағдайын тұрақты бақылауға және қажет болған жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мектеп ғимаратында дабыл тетігі, яғни «тревожная кнопка» да орнатылған. Аталған жүйе тікелей Жедел басқару орталығымен – ЖБО/ЦОУ-мен қосылған және тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді. Дабыл жүйесі білім алушылар мен мектеп қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқықбұзушылықтардың алдын алуға және төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Оның жұмыс істеу жағдайы тұрақты түрде тексеріліп, техникалық талаптарға сай ұсталады.

Өрт қауіпсіздігі мәселесі де мектепте жүйелі бақылауда. Мектеп ғимаратында өрт дабылы және өрт кезінде дауыстық хабарлау жүйесі орнатылған. Аталған жүйелерге қызмет көрсету жұмыстарын «Монтаж Сервис Ақтау» ЖШС жүзеге асырады. Қызмет көрсету № И25/25 нөмірлі келісімшарт негізінде жүргізіледі, келісімшарт 2025 жылғы 1 қазанда жасалған. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында оқушылармен өрт кезіндегі іс-әрекеттер бойынша оқу-жаттығу шаралары бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мұндай жаттығулардың басты мақсаты – төтенше жағдайда оқушының абдырап қалмай, қауіпсіздік талаптарын дұрыс сақтап, белгіленген тәртіппен әрекет ету дағдысын қалыптастыру.

Мектептің кіреберіс бөлігінде Face ID жүйесі арқылы жұмыс істейтін турникет орнатылған. Ол мектеп аумағына кіруді бақылау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Турникетке қызмет көрсету жұмыстарын «Жансерік-Актау» ЖШС жүзеге асырады. Қызмет көрсету № И27 келісімшарты негізінде көрсетіледі, келісімшарт 2025 жылғы 5 қаңтарда жасалған. Осылайша, мектептегі қауіпсіздік бір ғана шарамен шектелмей, күзет қызметі, бақылау-өткізу пункті, Face ID турникеті, бейнебақылау жүйесі, дабыл тетігі және өрт қауіпсіздігі құралдары арқылы кешенді түрде қамтамасыз етіліп отыр.

Мектептен қашық орналасқан елді мекендерде тұратын оқушылардың білім алуына қолжетімді жағдай жасау үшін тасымалдау қызметі де ұйымдастырылған. Оқушыларды тасымалдау мақсатында 4 автобус және 3 микроавтобус қолданылады. Аталған көлік құралдары мектептен 3 шақырымнан астам қашықтықта тұратын оқушыларды тасымалдауға арналған. Бұл қызмет балалардың білім алу ордасына қауіпсіз әрі уақытылы жетуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінде мектептің тыныс-тіршілігіне көз салсақ, оның әрбір бағыты бір-бірімен сабақтасып жатқанын аңғаруға болады. Мұнда білім беру мен тәрбие, ғылым мен шығармашылық, спорт пен өнер, технология мен кітап, денсаулық пен қауіпсіздік өзара үйлесім тапқан. 885 оқушының әрқайсысына білім алуға, ізденуге, шығармашылықпен айналысуға және өз қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін орта қалыптасқан. Ал сол ортаны жасайтын басты күш – кәсіби ұстаз, талапты оқушы және қолдаушы мектеп ұжымы.

Мектептің бүгінгі жетістігі – тек заманауи кабинеттермен, жаңа құрал-жабдықтармен немесе сандық көрсеткіштермен өлшенбейді. Оның шынайы нәтижесі – білімге құштар, тәртіпті, жауапкершілігі мол, шығармашылыққа бейім, дені сау және қауіпсіз ортада тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақтың бойынан көрінеді. 2022 жылдан бастау алған білім ордасының бүгінгі келбеті – ізденіс пен еңбектің, жаңашылдық пен жауапкершіліктің нәтижесі.

Білім ордасының материалдық-техникалық базасының нығаюы, педагогтердің кәсіби шеберлігінің артуы, оқу кабинеттерінің заманауи құралдармен жабдықталуы, кітапхана мен спорттық инфрақұрылымның дамуы, оқушылардың тамақтануы мен денсаулығына көңіл бөлінуі, ең бастысы, қауіпсіздік жүйесінің жан-жақты қамтамасыз етілуі – мұның бәрі бір ғана мақсатқа қызмет етеді. Ол – әр баланың сапалы білім алып, өз қабілетін танытып, ел болашағына лайықты азамат болып қалыптасуына жағдай жасау.

«Мектеп – тек білім беретін мекеме емес. Мектеп – баланың алғашқы үлкен армандары қанат қағатын, өмірге көзқарасы қалыптасатын, достық пен жауапкершілікті үйренетін, болашаққа бастар жолын айқындайтын қасиетті орта. Ал осындай орта қалыптастыру жолындағы әрбір еңбек – ел ертеңіне салынған инвестиция. Бүгінгі мектептің басты жетістігі де осында: білімге негізделген, тәрбиеге сүйенген, қауіпсіздікпен бекемделген жарқын болашаққа сеніммен қадам басуында», – дейді тәжірибелі ұстаз Есен Өвезов.

Ту-Бегі АБЫЛАЙ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

■ НАР ТҰЛҒА

МҰНАЙ МАЙДАНЫНЫҢ САРДАРЫ

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АРДАҚТЫ ҰЛЫ САЛАМАТ ӘМІРҰЛЫ ШАЛАБАЕВ АҒАМЫЗ ГЕОЛОГИЯ-МИНЕРОЛОГИЯ САЛАСЫНДА БЕЛГІЛІ ТҰЛҒА ЕДІ. ТҮРКІМЕН ЖЕРІНДЕ ШАЛАБАЕВТАР ӘУЛЕТІН МҰНАЙШЫЛАР ДИНАСТИЯСЫ ДЕП ҚАРАСТЫРУҒА БОЛАДЫ. САЛАМАТ МҰНАЙШЫ-ҒАЛЫМ, ҚҰСАЙЫН, ӨЗЕН, ЖЕТІБАЙ КЕНІШТЕРІН АЛҒАШҚЫ ИГЕРУШІЛЕРДІҢ БІРІ, ӨМІРІНІҢ АҚТЫҚ СӘТІНЕ ДЕЙІН МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ БОЛЫП ӨТТІ. ЕРСАЙЫН, САҒЫМ, ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАСЫНАН БАСТАП, ОСЫ ҚАЛАНЫҢ БАЙЫРҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫНА АЙНАЛҒАН МҰНАЙШЫЛАР, ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ЖАС ИНЖЕНЕР ЖҰБАН ДА ӨЗЕН КЕНІШІНІҢ ҮЛКЕН ЖҰМЫСТАРЫНА БІЛЕК СЫБАНА КІРІСКЕН МАМАН БОЛАТЫН.

Бүгінде осы әулеттің мұнай саласына адалдығын дәлелдеп, әке-аға жолдарын жалғап келе жатқан инженерлер.

Бұл әулеттің арғы шығу тегі де текті ұрпақ болатын. Осы орайда «алтын шыққан жерді белден қаз» дейтін әңгіме ойға оралады. Шалабаевтар Қырымқұл атадан өрбіген ұрпақ. Ол кісі Мекке-Мединада жүрседе қолын жайып, кейінгі ұрпағына: Сүйікті бауырларым, Алла тағала жүректеріңізге мейірімін мол төгіп, сіздерге ғажап құпиялар мен үлгілі сырларды ашуды жазсын. Ол үшін сенім, мейірімділік, кең пейілділік керек. Екі жүзділік пен өтірік түбі мәңгі азап. Тәңір сіздерді таза сақтап, лайым сіздермен әрдайым бірге болғай, – деп батасын берген екен. Қырымқұл ата сол сапардан оралмаған, әрбір мұсылманның арманы сол қасиетті сапарда шейіт болып, Медина қаласында жерленген. Кейін Саламат ағамыз ниет етіп, бабасының басына арнайы барып, мәнажат етіп қайтты.

Соғысқа қатысқан жас жігіт Курск маңындағы қанды қасапты көзімен көріп, кеңес жауынгерлерінің ерлігінің куәсі болды. Арынды жауды еліміздан қуып, қасиетті мекенді қаскөй дұшпаннан тазалап өз ордасы Берлинге жақындаған сайын әрі жылжу қиындай берді. Осы шайқастар кезінде Сәкеңнің ерлігі ерекше көзге түсіп майдандас достарының мақтанышына айналды. Солардың бірі гвардия полковнигі, КСРО Журналистер одағының мүшесі В.Мельниковтың риза болып айтқан мына әңгімесі «Саламатпен Курскіден бастап Украинаға, Белоруссия, Прибалтика, Польша жерлерін басып өтіп, Берлинге дейін бірге бардық. Сәкең өзінің батылдығымен қиын жерде жол табар шешім қабылдағыштығымен бізге ұнайтын. Қанды шайқас ішінде оны ерекшелейтін тағы бір қасиеті – сенетіндігі, бабалар аруағына сыйынатындығы еді. Курск түбіндегі шайқас қатты болды. Жау мұрша бермей үстіүстіне шабуылдап бізді көп шығынға ұшыратты. Бір кезде олар «темір жолбарыстарын» шабуылға шығарды. Күштің арасалмағы тым алшақ. Жау төпеп жатыр. Адам шығыны да көбейді. Бір кезде қарасақ бір «тигр» бізге төніп қалыпты. Келесі сәтте Саламат атып тұрып, қолындағы қос гранатты «тигрге» дөптеді, танк отқа оранды. Біз бәріміз ерекше қуанып, қуаттанып одан әрі шайқастық», – дейді майдангер. Бірақта осы шайқаста полктің 1600 жауынгерінен тек 60 шақты ғана жауынгер қалды. Берлин маңындағы Шпрее өзені бойындағы қанды шайқастар адымды аштырмады.

Десек те жеңімпаз жауынгерлердің рухы жаудың мысын басып, Берлин қаласының алынуы, фашизмнің толық талқандалуымен соғыс аяқталды. Майдандағы ерлік істерінің куәсіндей кеудесі орден мен медальдарға толы Саламатты елде геология саласы батыс Түрікменстан, Каспий маңы, Маңғыстау, Үстірт, Оңтүстік Қазақстан жері мұнай мен газ кеніштерін іздестіру, барлау жұмыстары күтіп тұрған болатын.

Ол Құмтауда 894 ұңғының бұрғылауына қатысты. Қотыртөбедегі алғашқы барлау ұңғымасын қазды. Шағаласорда (Түрікменстан) іздестіру барлау жұмыстарын бастады. Маңғыстау, Бозашы түбектерінде мұнай барлау, игеру жұмыстарына қатысты. Оңтүстік Қазақстан геологиялық басқармасында мұнай және газ бөлімінің бастығы, Қазақстан Республикасы ауыр өнеркәсіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарған кезде академиктер Қ.Сәтпаев, Ш.Есеновтер және С.Өтебаев, Д.Өзбеккалиев сияқты азаматтармен бірге Маңғыстауды сақтап қалуға қатысты.

1970 жылы Қазақстанның Каспий қайраңының мұнай, газ қоры барын дәлелдеді. Ірі ғалымдар, академиктер А.Трофимук, А.Конторович, Л.Яншиндермен байланыста болып, геолог-ғалым ретінде қалыптасты. Оның ғылыми болжамдары анықталып, жүргізілген іздестіру-барлау жұмыстары нәтижесінде Қаражанбас, Қаламқас, Жетібай кенорындары ашылды.

1964 жылы оның ұсынысымен Қазақстанның Геология министрлігі Қызылорда облысында ауқымды геологиялық іздестіру жұмыстарын бастау туралы шешім қабылдап, оның соңы Құмкөл сияқты кенорнының ашылуына әкелді.

Өзен – Самара мұнай құбырының мамандары мен бірге Павлодар, Шымкент мұнай өңдеу заводтарының салынуына өз үлесін қосты. Саламаттың басшылығымен жасалған геологиялық-геофизикалық тапсырма бойынша Батыс Қазақстанда бүгінде айдай әлемге әйгілі Қарашығанақ кенішіне жеткізді. Болжамдарының соңы мұнай көздері жоқ деген желеумен Батыс Қазақстан Орал өңірінде мұнай іздестіру жұмыстары қысқарып, «оның болашағы жоқ» деген тұжырым белең ала бастаған кез болатын.

Оның анасы Сырға да елге сыйлы, белгілі тұлға болған кісі еді. Дастарханы ашық, бары алдында, жоқ-жітікке қайырымды болды. Өлімші болып, ажал аузында жатқан балаларға ем-дом жасап, тірілтіп алған сәттерін ауыл адамдары жыр ғып айтып отыратын. Ол кісі көп оқыған ғалым да, молда да емес, көкірек көзі ашық ізгілікті жан болатын. Саламат Түрікмен елінен ат басын Қазақстанға, Алматыға түзеген кезде анасымен ақылдасты. «Абысын-ажын, бірге туып, бірге өскен еліңнен кетіп, бейтаныс өлкеге көшіп барамын, ана сізге қиын болмай ма?», «Шырағым балам, мен үшін сен өзің жүрген жер-жайлау. Бет алған екенсің, алдыңнан жарылғасын, сапарың оң болғай», –деп ақ батасын берді. Әсем Алматыда өмірінің соңғы сәтін өткізген абзал ана 1964 жылы бақилық болды. Балалары, туыстары арулап өлі аруақтардың мекені – Кеңсайға жерлеп, Маңғыстау үлгісімен басына күмбезді тас орнатып перзенттік парыздарын орындағандай болды.

«Өзге жерде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» дейтін халық даналығы оның есінен шықпай, үнемі ойлантып жүретін. Түрікмен мұнайшыларының жас қаласы Небиттау – көркем, жанға жайлы мекен болды. Бұл өлкеде тұратын қазақ қандастары арасында биік беделі бар, шеттетіп жатқан түрікмен бауырлар да жоқ, күнкөріс жайы да оңды.

Шетелде, шетте жүрген қандастың көңіл-күйі, психологиясында да өзгерістер болады. Ұлттық мәселелерді жүрегіне жақын қабылдайды. Оған келгенде жан беруге дайын тұрар қызуқандылықта кейде белең береді. «Алматыға жетсем, өз қандастарымның ортасына барсам – еш арман, кем-кетік болмас еді», – деп жүрген Сәкең, астанаға келіп қоныстанғаннан соң да көп проблемаларға да кезікті. Елге келіп балаларымды қазақша оқытамын десе қазақ мектептері жоқ, өзіне тән бір беткейлікпен балаларын орыс мектебіне беруден бас тартты. Жас ғалым Сейілбек Исаев бастаған бірнеше жігіттердің бастарын біріктіріп партияның орталық комитетіне, қала басшыларына хат жазып қабылдауына барып, қатып қалған тоңның жібуіне әсер етті.

Жаңа өркендей бастаған мұнай саласына кадр дайындау мәселесі күн тәртібіне өткір қойылды. Біршама басшылар мамандарды Мәскеуде, Бакуде, Грозныйда дайындау қажет деп шықты. Саламат бастаған топ, Қазақстанның өзінде Алматыда политехникалық институтында дайындау керектігін дәлелдеп шықты. Сөйтіп, аты аталған институт жанынан мұнай факультеті ашылды. Алғашқы жылдың өзінде оның бірінші курсы мен дайындық бөліміне 350 студент қабылданды.

18 жасында майданға аттанған Саламат №159 атқыштар дивизиясына түседі...

Кешегі асқар таудай төрде отырған дастарханда дәмдес болған ағалардың да қатары сиреп қалыптыау: Естөре Оразақов, Ғұбайдолла Айдаров, Шайхы Еркеғұлов, Ибулла Сариев, Саламат Шалабаев, т.б. ақсақал ағалар жастарды ұйытатын мәйігіндей, сөздері мірдің оғындай, отырған жерлері думан тойдай еді. Абай атамыз айтпақшы, «Кезекпенен бөлінетін, бұрынғыдай көрінетін» өмірдің заңы болар. Олардың орнын келесі буын кезекпенен басатын болар. Бірақ олардың ісі, өмірі, ұрпақ санасында жаңғырып, ұмытылмақ емес. Ұрпақтар есінде сабақтастық болғай.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,
академик.

ТАЛАНТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ, МЫҚТЫ ҒАЛЫМ, ӘРІ ҰСТАЗ, ЕҢБЕКСҮЙГІШ, ӘР ЖҰМЫСЫН ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН, ТЫНДЫРЫМДЫ ОРЫНДАЙТЫН СӘКЕҢ, САЛАМАТ ӘМІРҰЛЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ, СОНЫҢ ІШІНДЕ МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ, БЕЛГІЛІ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ БІРІ. ОНЫҢ ЕСІМІ, АЛЫСҚА КЕТКЕН ҒАЛЫМ.

АҚЫЛДЫҢ КЕНІ ЕДІ

Оған дәлел Орта Азия елдерінің мұнайшылары Сәкеңді әлі күнге дейін зор құрметпен атайды. Саламат ағамыз Қазақстан қазба байлықтары деп, сол дәулетті халықтың құндылығына айналдырып, жарату үшін, түсініктікпен қарап, бар жан-тәнін салып жұмыс істеген адам. Өйткені Сәкеңдер отқа түсіп, шыбын жаны шырқырап жерасты қазба байлығын түгендеп жүргенде мұнайшылар өте аз еді. Тіпті жоқ десе де болады. Құдайға шүкір, қазір мұнайшылардың қатары әлдеқайда көбейді ғой.

Егер тарих қойнауына көз жүгіртер болсақ, Ресей патшасы Петр-I арнайы экспедиция құрып, 1714 жылы Каспий маңы мен Каспий айлақтарының байлығын зерттеушілердің алғашқы легі болған. Ал, Хиуа хандығы ол экспедицияны қырғынға ұшыратты. Алайда, Атырау жағалауында, қазіргі Құлсарыда мұнайдың жер бетіне шығып кеткенін жазып кеткен сол Ресей ғалымдары болатын. Одан кейін 1870 жылы ғалымдар Андросов, Карелин, академик Мокринскийлер қайта жалғастырды. Мен академик Мокринскийдің көзін көріп қалдым. Жалпы Атырау, Маңғышлақ жағалауы мұнайын игеру жиырмасыншы ғасырдың ортасынан басталды ғой.

Кезінде Геология министрлігінің мұнай бөліміне басшылық жасаған Н.Калинин келешекте Маңғышлақ үлкен мұнайдың өлкесі болады деп айтқан еді. Бұл кісінің қазақ халқына деген ықыласы мүлде ерекше болатын.

Елуінші жылдардың соңында көрнекті ғалым Қаныш Сәтпаевтың басшылығымен Атырауда аймақтық конференция өтіп, қазба байлықтарды игеру, зерттеу мәселелері кеңінен қозғалды. Соның нәтижесінде мұнай-газ зерттейтін алғашқы институт ашылды. Бұл өте күшті институт болды десек артық айтқандық болмас.

Каспий маңы аймағының үш-төрт бөлігінде мұнай іздестіру басталып, 1961-1962 жылдары Жетібай, Маңғышлақ кен орындары ашылды. Осы 60-70-ші жылдарда барлау жұмыстары жақсы жолға қойылып, барынша кең қарқын алды.

Мен мұнай саласы бойынша ғылыми жұмысымның кандидаттық диссертациясын 1960 қорғап, 1968 жылы ғылым докторы атағына ие болдым. Ол кезде аталмыш сала бойынша ғылымға ден қойған қаракөздер қатары саусақпен санарлық қана еді. Соның арасында Саламат Шалабаев та бар болатын. Отан соғысына қатысқан, әрі партия қызметкері-тұғын.

Мен 1950 жылы Форт-Шевченко қаласындағы С.М. Киров атындағы орыс мектебін бітірдім. Ол кезде Ақтау қаласы жоқ. Оның орнында шағын ғана балық ұстайтын база тұратын. Білім қуып Алматыға бару тым алыс. Көрші жатқан Атырау қаласына қатынау үшін де билет құны 700 рубль еді. Ол да аз ақша емес. Сосын, бауырлас Түрікменстанның астанасы Ашхабад жақын болғандықтан, оқу іздеп, сол жақты сағалаймыз. Және де туысқандар да көптеп тұрады. Не керек, 1951 жылы Түрікменстанға көшіп келіп, Батыс Түрікменстан экспедициясына жұмысқа тұрдым. Сонда Сталин атындағы «Қарақұм каналы» атты үлкен жұмыс басталған шақ еді. Дәл сол жылы Ашхабатта университет ашылды. Осы оқу ордасын жақсы тамәмдап, Ленинградтағы аспирантураны бітіріп, геология қызметкері болып жұмыс жасап жүрген кезімде, бір күні кеңсемізге Сәкең-Саламат кіріп келді. Алматыда Совминнің гоеолгия бөлімінде қызметте екен. Таныстығымыз жалғасып, бауыр болып кеттік. Бір жағынан илеп жатқанымызда бір терінің пұшпағы – мұнай. Кейін тонның ішкі бауындай қарым-қатынасымыз нығая түсті. Сәкең ғылымға мықтап ден қойды. Алғашқы кандидаттық диссертациясы «Батыс Түркіменстандағы мұнайлы аймақтың кендері» тақырыбында болды. Кейін «Триас дәуірі қабаттарының мұнайлылығы» деген атпен докторлығын қорғады.

Докторлық диссертацияны қорғау 1983 жылы Новосібір қаласында өтті. СССР ғылым академиясының вице-президенті Яншин жақсы пікір жазып берді. Саламаттың ғылыми жақтасы болып менде барған едім. Сонда комиссия мүшелері көп кедергі жасады. Новосібірде отырған орыс ғалымдары Маңғышлақтың, Каспийдің қайда екенін қайдан білсін. Не керек дау туды. Бір қызығы себебін айтпайды. Әбден шыдамы таусылған Сәкең комиссия мүшелеріне қарата: «Мен неміс басқыншыларымен соғысып, бетім қайтқан емес. Фашистердің оғынан қорықпаған басым, сендердің сөздеріннен қаймығатын жайым жоқ. Айтыңыздар не кемшілігім бар?» – деп, қасқайып қарсы тұрды. Мені таңқалдырғаны, Сәкеңнің өжеттігі, тура айтатындығы. Әрі әділ, таза сөйлейтіндігі.

Саламат Әміруұлы заманының теорияшыл ғалымы еді. Ол кезде қазақ ғылымында теорияшыл ғалымдар жоқ десе де болады. Мұнай көзінің қай жерде жатқаны, оны қалай бұрғылап, игеру керек, бәрін жетік білетін. Керек десең, Сәкеңді Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов шақырып алып, ақыл-кеңес сұраған. Сонымен қатар, ол тек қана ғалым емес, мемлекеттік қызметті де атқарды. Лауазымды жұмыста жүріп, көптеген күрделі әрі маңызды мәселелерді көтерді. Оны сөз жүзінде қалдырмай, жүзеге асуына көп ықпал етті. Мәселен, мұнай мен газдың барлау жұмыстарын қай маңда жүргізудің дұрыстығын, жолдың, қаланың қай тұстан салынғаны оңтайлы сияқты мемлекеттік жоспар құруда Саламат ағаның қолтаңбасы жетерлік. Расыменде, Қазақстан мұнай-газының базасын құруға, мұнай-газ өндірісін дамытуға, түпкілікті, мақсатты, дұрыс жоспар құрушы Саламат Шалабаев болды дер едім. Ол кісі мұнай саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Әсіресе туған өлкесі Маңғыстауға айтарлықтай еңбек сіңірді. Маңғыстау десе шыбын жаны шырылдап кететін. Бұл жерге бөліну емес, қайта оның тал бесігі туған жеріне деген азаматтық, әрі патриоттық борышы дер едім. Егер бәрімізде Саламаттай туған өлкемізді қадірлеп, сүйе біліп, оның өркендеуіне атсалыссақ, болашағы да нұрлана түсері анық.

Саламат жүрегі ақ адам еді. Ешкімге жамандық жасамайтын. Күншілдік, көре алмаушылық, аяқтан шалу сияқты өрескелді бұзушылықтар қаулап тұрған шақта да Сәкеңнің адамшылығы өте жоғары, күшті болды. Қонақжай, көпшіл еді. Ауылдан білім қуып келген балалардың барлығы Саламат пен Ғұбайдолланың үйін паналайтын. Сонда топырлап жататын. Пейілі жазиралы қазақ даласындай кең, көңілі ақ жайлау ағамыз Саламатты бәріміз де құрмет тұтамыз.

Құрбан АМАННИЯЗОВ,
профессор, академик.

ӨМІРДЕ АДАМНЫҢ ЖҮЗІН КӨРМЕЙ-АҚ, ОНЫҢ АТЫНА, АТАҒЫНА, БОЛМЫС-БІТІМІНЕ, ЖҮРІС-ТҰРЫСЫНА СЫРТТАЙ ҚАНЫҚ БОЛЫП ЖҮРЕТІН ЖАҒДАЙЛАР БОЛАДЫ. «СӨЙЛЕСЕ СӨЗДІҢ ШЕШЕНІ, БАСТАСА ҚОЛДЫҢ КӨСЕМІ» ДЕМЕКШІ, ОНДАЙ ЖАНДАРДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ КІМ-КІМГЕ ДЕ ӨНЕГЕ, ҒИБРАТТЫ ОЙЛАРҒА, АСҚАҚ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТЕЛЕЙТІНІ АНЫҚ. ОЛАР ХАЛҚЫ ҮШІН БАҒА ЖЕТПЕС ІСТЕР АТҚАРҒАН, ӨМІРДІҢ ҚАЙРАҒЫНДА ҚАЙРАЛЫП ШЫҢДАЛҒАН, СӨЗДЕРІ САЛМАҚТЫ, ТҰЛҒАСЫ АРДАҚТЫ АЗАМАТТАР.

ТАУ ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ

Жалпы азаматтың әрбір атқарған ісі оның өзінің негізгі насихатшысы ғой. Мәселен, Сәкен Сейфуллин, оның тұстастары Жалау Мыңбаев, Ораз Жандосов, Тұрар Рысқұлов сынды қайраткерлердің аты баршаға мәшhүр болғанымен, ол кісілер өзін білетін адамдардың бәрін тани бермейді ғой. Міне, азаматтың айбындылығы, еліне істеген қызметінің құдіреттілігі соншалық, кейде бір ұлттың ауқымынан асып, үлкен бір елдің көлеміне дейін белгілі болып жатады. Адамның жасаған игілігінде, дарынында, еңбегінің нәтижесінде шекара болмайды.

Ал, Саламат Шалабаев ағамыз қай жағынан алып қарасаң да, қандай өлшеммен бағаласаң да өте биік тұлға. Сәкеңді түсіну, шынайы бейнесін жасау, әділ бағасын беру үшін, кімге болса да дәреже, деңгей керек. Өйткені Саламат Әміруұлы тағылымды, талғамы бөлек, тәжірибелі, білімді наркескен. Ол өте парасатты, мәдениетті азамат еді. Және де менен әлдеқайда жасы үлкен еді. Ағамыз көп ізденді, оқыды, өзін жан-жақты жетілдірді.

Сәкең Түрікменстанда мұнайдың маңдай алды үздігі болды. Жер қыртысын жетік білетін маман ретінде Түрікмен бауырларлың арасында зор құрметке, атақ-абыройға бөленді. Содан, «Шіркін, туған жерім, кіндік қаным тамған жерге барып еңбек етсем» деп армандап жүріп, Қазақстанның жоғары басшыларына бірнеше мәрте хат жазады. Алайда одан еш жауап болмай, үміті үзілген соң, бұл тілегін Қаныш Сәтбаев ағамызға айтады. Адамның бірін-бірі сыйлауы, дос, бауыр тұтуы, аға-інілі болуы кісінің тікелей өзіне байланысты ғой. Сәкеңнің таудай талабын, еңбексүйгіштігін бағалап, құрмет тұтып жүрген Қаныш аға қолдау көрсетеді. Жұмыс тауып беру, пәтер алу сияқты мәселелерді шешіп, қолдан келген көмегін аямайды.

Қазақ ССР-і Министрлер Кеңес ауыр индустрия бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқара жүріп, индустриалды Қазақстанның өрге басуы жолында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қазақ халқының перзенті ретінде елі үшін бар күш-қайратын жұмсады. Ол кісі жалғаз Қазақстан аумағы ғана емес, Орта Азия елдерінің қазба байлықтары қай жерде жатқанын білген. Үнемі тың идеяларын ортаға салып, оны қалай игерудің жолдарын да тәптіштеп түсіндіріп берген. Әсіресе экологиялық тұрғыдан қарағанда, қайраннан (шельф) мұнай алудың тиімді әрі зиянды-зиянсыз тұстарын да айтып отырған. Өйткені мыңдаған жылдар бұрынғыдай теңіздер мұхиттармен жер асты сулары арқылы қосылып жатпағандықтан, абайламасақ қоршаған ортаны залалдандырып алу әбден мүмкін екендігін ескертуден еш жалыққан емес. Елдің мұң-мұқтажы үшін, мәселенің оң-терісіне аса мән берген.

Ол кісі ғалымдығын, қәсіби ғалым-практик екендігін мойындатқан жан. Қазақ зиялылары атақты ғалым Қ.Сәтпаев, алғашқы халық комиссары С.Өтебайұлы, профессор Е. Түркебаев, Лениндік сыйлықтың лауреаты Қ.Өзбеккалиев, Ғ.Әбдіразақов, Токарев, Маханбетовтермен достығы мықты болды. Олар Саламат Әміруұлын бір кісідей сыйлады, азаматтығын қадірледі. Қандай бір мәселе туындаса да Сәкеңмен ақылдаспай кеткен емес.

Мұнай саласына кадр тартуға да Саламат ағамыз белсене атсалысты. Атырау, Жылой, Қосшағыл, Құлсары кен орындарын жергілікті мамандармен толықтырып, қәсіби шеберлігін арттыруға күш салды. Тіпті мамандардың шет елдерге барып, мұнай алпауыты компанияларында дәріс алуына дейін қол жеткізді.

Саламат ағаның екінші бір қыры – өз ұлтын өте қатты қадірлейтін азамат болуы. Оған айғақ, елімізде орыстандыру саясаты мықтап жүргізіліп жатқан кезде де, еш қаймықпастан қазақ мектебін ашуға, жастарды қазақша оқытуға атсалысып, ұлтжанды екендігін танытты. Ұлттың ұлттық белгісі алдымен оның туған тілінде екенін шегелеп айтатын.

Ағамыз менменсуді білмейтін, тәкаппарлыққа жаны қас, рухани қасиеті ерекше көрініп тұратын жан еді. Адам жатсынбайтын. Ортамен тез тіл табысып кететін. Айтар ойын да жасқанбай айтып қалатын. Өзі кейде баладай аңқау да болатын. Туған жерін қатты сүйетін. Кіндік қаны тамған Маңғыстау өлкесінің тарихы жөнінде көп толғанатын. Ол Қ.Сыдиықов, Е.Өмірбаевпен бірігіп «Маңғыстау» кітабын шығарды. Ол кезде кітап шығарудың азабы, қиындығы күшті болатын. Сондағы мақсаты – Маңғыстаудың кеніші, тарихы, қазба байлықтары, тарихи тұлғалар жайлы сыр шерту еді. Сонымен қатар Отан соғысы жылдары Маңғыстау мұнайы Жеңісті жақындатуға сеп болғанын жас ұрпақтың жадында жаңғырту болатын.

Айталық, Донбасс жаудың қоршауында қалғанда, баржыменен Маңғыстау мұнайы тасылып, әскери техниканы жанар-жағар маймен қамтамасыз еткені үшін, жау Маңғыстауға бомба тастағанын кейінгі ұрпақ біле-бермесі анық.

Иә, Саламат Әміруұлындай тау тұлғалы азамат, халықтың сүйікті перзентіне айналған ағамыз жайлы, соңында өкшесін басып келе жатқан інілері үшін баға беру әсте қиын. Бір анығы – өз замандастары, қатарының жанында тұғыры биік екені даусыз. Білікті маман, үлкен ғалым. Ешкімнің тасасында қалып қоятындай адам емес.

Жұмат ТІЛЕПОВ,
профессор.

КЕШЕГІ КҮН

ТАРИХИ МҰРА – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА – ҰЛТТЫҢ ӨТКЕНІНЕН СЫР ШЕРТЕТІН БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ. ОЛАРДЫ КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАУ, КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА БАСТАПҚЫ ҚАЛПЫНДА ЖЕТКІЗУ – ОРТАҚ МІНДЕТ.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында Мұнайлы ауданында ауылдар мен ауылдық округтерде семинар-кеңес ұйымдастырылды. Мұнайлы ауданында тарихи-мәдени ескерткіштер мен қорымдарды қорғау, сақтау және күтіп ұстау мәселелеріне арналған семинар өтті.

Іс-шараны Мұнайлы аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі өткізді. Семинар барысында аудан аумағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер мен қорымдардың қорғалу жайы талқыланып, оларды сақтау бағытындағы жауапты жұмыстарға баса назар аударылды.

Тарихи ескерткіштер мен қорымдар елді мекендер аумағында орналасуына байланысты ауыл және ауылдық округ әкімдерінің қорғау міндеттемелеріне берілген. Осыған сәйкес, жергілікті атқарушы органдарға нысандардың сақталуын қамтамасыз ету, олардың жай-күйін бақылауда ұстау және аумақтарды күтіп ұстау міндеті жүктелген.

Семинар барысында ауыл және ауылдық округ әкімдеріне қарасты тарихи нысандарды күтіп ұстау мәселелері жан-жақты түсіндірілді. Атап айтқанда, көктемгі және күзгі маусымдарда ескерткіштер мен қорымдардың аумағында тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізу, қоқыстан тазарту, абаттандыру және нысандардың бұзылуына жол бермеу қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар тарихи-мәдени мұра нысандарына қатысты заң талаптары түсіндіріліп, оларды қорғау жөніндегі жауапкершілікке назар аударылды. Қорғалатын нысандардың тұтастығын сақтау, заңсыз өзгерістер мен бүлдіру әрекеттеріне жол бермеу – негізгі міндеттердің бірі екені атап өтілді.

Тарихи ескерткіштер – елдің өткені мен бүгінін жалғаған рухани көпір. Сондықтан оларды қорғау тек жауапты мемлекеттік органдардың ғана емес, барша қоғамның ортақ ісі. Әсіресе, жергілікті жерде тарихи орындардың тазалығы мен сақталуына мән беру – ұлттық құндылықтарға деген құрметтің айқын көрінісі.

Мұндай басқосу тарихи-мәдени мұраны қорғау бағытындағы жұмыстарды біріздендіріп, жауапты мамандардың құқықтық сауатын арттыруға мүмкіндік береді. Ал сақталған әрбір ескерткіш – келер ұрпаққа қалдырылған құнды аманат.

Ту-бегі АБЫЛАЙ.

АБАЙ КҮНІ

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ, ОЙШЫЛЫ, АҒАРТУШЫСЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ МОЛ МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУ, ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА №3 АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ АБАЙ КҮНІНЕ ОРАЙ «ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰЛЫСЫ – АБАЙ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰЛЫСЫ

Қатысушыларға Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы тағылымды естеліктер айтылып, ақынның жүрекке жетер өлеңдері мәнерлеп оқылды. Абайдың дана ойлары мен қанатты сөздері арқылы ұлы ақынның рухани мұрасының маңызы кеңінен насихатталды.

Шараның қызықты бөлімдерінің бірі – Абай шығармашылығына арналған ребустарды шешу болды. Қатысушылар өз білімдерін сынап, тапқырлық пен зейінділіктерін көрсетті.

Сонымен қатар ұстаздар арасында интеллектуалды ойын ұйымдастырылып, әріптестер Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап беріп, білімдері мен шапшаңдықтарын ортаға салды. Танымдық ойын көтеріңкі көңіл күй мен ерекше әсер сыйлап, ұстаздар арасында жылы әрі жағымды ахуал қалыптастырды.

Абай – қазақ руханиятының биік шыңы, ұлттың ой-санасына өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға. Оның шығармалары адамды білімге, еңбекке, адамгершілікке, ізгілікке үндейді. Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы Абай мұрасын жас ұрпаққа танытып, ұлы ақынның өнегелі сөздерін жүрекке жеткізу – баршамызға ортақ міндет.

Абай мұрасы – ұлттың рухани қазынасы. Ұлы ақынның сөзі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін!

Күмісай ҚАЗИЕВА,
№3 арнайы мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қайнар-ЛТД» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Мұнайлы ауданында, «Тоқмақ» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаға әсерді қорғау» бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: «Тоқмақ» кен орны Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Баянды жақын елді мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 17 шақырым қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары
1. 43°56'56.81"СЕ 51°24'17.68"ШБ

Өткізілетін күні, уақыты және мекенжайы, қоғамдық тыңдаулар: 06.10.2026 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы., Баянды а., Мәдениет үйі (конференция уақыты 1 сағат)

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (https://zoom.us.) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу Zoom
https://us04web.zoom.us/j/77340281009? pwd=5EfXPkEutS4AabZmEUtMaOFX9QshX0.1

Конференция идентификаторы: 773 4028 1009. **Кіру коды:** 1KUb4b.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Қайнар-ЛТД» ЖШС, БСН: 981140000454, тел. +8 (7292) 44-50-10, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағынаудан, № 74 ғимарат, каб. 406.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, БСН: 141040023257. Ақтау қ., 17 шағын аудан, № 7 үй, 308 пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады https://hearings.ndbecology.gov.kz. Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта s.bazarbay @mangystau.gov.kz.Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – https://www.gov.kz / memleket/entities/mangystau-eco / Contacts?lang=ru.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы алуға болады tokshayev@mail.ru және телефон +7 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады https://hearings.ndbecology.gov.kz/, Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31 / 1066

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Кайнар-ЛТД» проводит общественные слушания к Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси на месторождений «Токмак» в Мунайлинском районе Мангистауской области Республики Казахстан с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Месторождение «Токмак» расположено в административном отношении на землях Мунайлинского района Мангистауской области и удалено от ближайшего населенного пункта с.Баянды на расстояние 17 км на юго-запад.

Географические координаты центра месторождения:
1. 43°56'56.81"СШ 51°24'17.68"ВД

Дата, время и адрес проведения общественных слушания: 06.10.2026 г. в 15:00 часов местному времени, по адресу: Республика Казахстан, Мангистауская область, Мунайлинский район., с.Баянды, Дом культуры (время конференций 1 час)

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме на интернет-платформе ZOOM. Подключиться к конференции Zoomhttps://us04web.zoom.us/j/77340281009?pwd= 5EfXPkEutS4AabZmEUtMaOFX9QshX0.1

Идентификатор конференции: 773 4028 1009.

Код доступа: 1KUb4b.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Кайнар-ЛТД», БИН: 981140000454, тел. +8 (7292) 44-50-10, Республика Казахстан, Мангистауская область, г.Актау, 12 микрорайон, здание № 74, каб. 406.

Наименование и контактные данные разработчика документации:.

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «ЭКО Project», БИН: 14104002

3257. г.Актау, 17 микрорайон, дом №7, кв. 308, эл. почта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660.

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz. Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, электронная почта s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – https://www.gov.kz/ memleket/entities/mangystau-eco/Contacts? lang=ru.

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по электронной почте tokshayev@mail.ru и телефону +7 778 462 6660.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме в Информационной системе https://hearings.ndbecology.gov.kz/, и Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066

№343

МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Маңғыстау облыстық территориалдық нотариалдық аумағының нотариусы Туленова Гулжанар Жаксыбековна, 2026 жылы 2 наурызда қайтыс болған **ДЖАЙЛЫБАЕВ ТОКТАРБЕК АНДАЕВИЧТІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады.

Мұрагерлердің хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекен-жай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласуы сұралады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14-орам, 2/3-ғимарат.

№339

***

Маңғыстау облыстық территориалдық нотариалдық аумағының нотариусы Исабаев Қанатбай, 2026 жылы 27 шілдеде қайтыс болған **ТУРМАНОВА АГЫМАНЫҢ** мұрагерлеріне іздеу салады.

Мұрагерлердің хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекен-жай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласуы сұралады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 9-квартал, № 22-учаске.

№341

***

Маңғыстау облыстық территориалдық нотариалдық аумағының нотариусы Исабаев Қанатбай, 2026 жылы 13 ақпанда қайтыс болған **МУРЗАБЕКОВ БАХЫТЖАН ИСЛАМОВИЧТІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады.

Мұрагерлердің хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекен-жай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласуы сұралады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 9-квартал, №22-учаске.

№340

***

Маңғыстау облыстық территориалдық нотариалдық аумағының нотариусы Туленова Гулжанар Жаксыбековна, 2026 жылы 5 наурыз қайтыс болған **КУАНДЫКОВ АСКЕР КЛЫЧБЕКОВИЧТІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады.

Мұрагерлердің хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекен-жай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласуы сұралады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14-орам, 2/3 ғимарат.

№346

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР !

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады.

Ватсап: 87781459093. 8(7292)204842.
8(7292)204834. pr@ogni.kz

Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA ЖШС
Директордың м.а. – Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН
Қабылдау бөлімі,
тел.факс: 20-48-34
mangystau.media@mail.ru

МҰНАЙЛЫ
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13358-Г куәлігі берілген.
Редактор – Мұрат ЖЕТЕКБАЙ.
Тілші – Ту-Бегі АБЫЛАЙ.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Беттеуші дизайнер: Ш.Аязбаева.
«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 2238

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.
Тапсырыс 177
Таралымы: 486. Индекс: 66553.
Газеттің бағасы келісімді.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

18 тамыз
түнде: +21 күндіз: +31

19 тамыз, жаңбыр
түнде: +24 күндіз: +28

20 тамыз
түнде: +24 күндіз:+29

21 тамыз
түнде: +23 күндіз: +29

22 тамыз
түнде: +23 күндіз: +28